

"Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 24 қыркүйектегі Босқындарға және мәжбүрлі қоныс аударушыларға көмек туралы келісім мен 1995 жылғы 10 ақпандағы Босқындарға және мәжбүрлі қоныс аударушыларға көмек туралы" келісімге хаттамаға қатысушы болмау ниеті туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 16 ақпандағы N 147 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 24 қыркүйектегі Босқындарға және мәжбүрлі қоныс аударушыларға көмек туралы келісім мен 1995 жылғы 10 ақпандағы Босқындарға және мәжбүрлі қоныс аударушыларға көмек туралы келісімге хаттамаға қатысушы болмау ниеті туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Президенті

Жарлық Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 24 қыркүйектегі Босқындарға және мәжбүрлі қоныс аударушыларға көмек туралы келісім мен 1995 жылғы 10 ақпандағы Босқындарға және мәжбүрлі қоныс аударушыларға көмек туралы келісімге хаттамаға қатысушы болмау ниеті туралы

"Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 30 мамырдағы Заңының 18-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ Е Т Е М І Н :**

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы Комитетін Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 24 қыркүйектегі Босқындарға және мәжбүрлі қоныс аударушыларға көмек туралы келісім мен 1995 жылғы 10 ақпандағы Босқындарға және мәжбүрлі қоныс аударушыларға көмек туралы келісімге хаттамаға қатысушы болмау ниеті туралы хабардар етсін.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

